

**«ЭКСПРЕСС» ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ
СЕРІКТЕСТІГІНІҢ ВАЛЮТАЛЫҚ ШОТТАҒЫ АҚША
ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ ЖҮРГІЗІЛУІНІҢ ЕСЕБІ**

Ғалымова Н.С, Искендинова Т.К, Ныйканбаева А.И

Қазтұтынуодағы Қарағанды Экономикалық Университеті.
Қазақстан Республикасы, Қарағанды қаласы.

Аңдатпа: Бұл мақалада Валюталық шоттағы ақша қаражаттары қарастырылады. Банк шоттары теңгеменде, шетелдік валютамен де ашылуы мүмкін.

Кілттік сөздер: ақша қаражаттары, валюта, банк, кәсіпорын, кіріс ордері, шығыс ордері, шоттар..

Қазақстан Республикасында валютаны реттеудің негізгі органы болып Ұлттық банкі саналады. Кез келген валюталық операцияны өкілеттілігі бар банксыз жасауға рұқсат етілмейді. Осындай операцияларды жасау үшін өкілетті банктер заңды тұлғалар үшін валюталық шоттар ашады.

Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2018 жылғы 2 шілдедегі № 167-VI ҚР заңымен реттеледі. Осы Заң валюталық операцияларды жүзеге асыруға байланысты қоғамдық қатынастарды реттейді, валюталық реттеу мен валюталық бақылаудың мақсаттарын, міндеттерін айқындайды. Қазақстан Республикасының орнықты экономикалық өсуіне қол жеткізу және халықаралық ынтымақтастығын дамыту жөніндегі мемлекеттік саясатқа жәрдемдесу, төлем балансының орнықтылығын, Қазақстан Республикасының ішкі валюта нарығының тұрақтылығын және экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жәрдемдесу валюталық реттеудің мақсаттары болып табылады.

Шетел валютасындағы операцияларды есепке алуы ХҚЕС (IAS) №21 Валюталық бағам өзгерісінің әсерін реттейді.

ХҚЕС (IAS) № 21-ші стандартына сай ұйым шетелдік валютамен байланысты қызметті екі әдіспен жүргізе алады. Ол не операцияларды шетелдік валютамен жүргізе, не шетелдік қызметті жүзеге асыра алады. Сонымен бірге өзінің қаржылық есептілігінде ұйым деректерді шетелдік валютамен көрсете алады. Осы Стандарттың мақсаты - шетелдік валютамен операцияларды және шетелдік қызметті ұйымның қаржылық есептілігінде көрсету, сондай-ақ қаржылық есептілігінің көрсеткіштерін ұсыну валютасына қайта есептеу тәртібін орнату.

Осы Стандарт келесі жағдайларда қолданылуы тиіс:

(а) шетелдік валюталармен операцияларды және қалдықтарды 9-шы Қаржы құралдары ХҚЕС-ты (IFRS) қолдану аясындағы туынды операциялар мен қалдықтардан басқаларын есепке алу кезінде;

(b) шетелдік қызметтің шоғырландыру, тепе-тең шоғырландыру немесе үлесті қатысуды есепке алу әдістерімен ұйымның қаржылық есептілігіне енгізілген нәтижелері мен қаржы көрсеткіштерін қайта есептеу кезінде; және

(c) ұйымның нәтижелері мен қаржы көрсеткіштерін ұсыну валютасына қайта есептеу кезінде қолданылуы тиіс.

9 ХҚЕС (IFRS) көптеген валюталық туынды құралдарға қолданылады, сондықтан ондай құралдар осы Стандарт қолданылатын саладан шығарып тасталады. Екінші жағынан, 9 ХҚЕС (IFRS) қолданылатын саладан тыс валюталық туынды құралдар (мысалы, басқа контракттарға кіргізілген кейбір валюталық туынды құралдар) осы Стандарт әсерінің аясында болады. Осы Стандарт баптарды шетелдік валютамен хеджирлеуді, соның ішінде шетелдік қызметке таза инвестицияларды хеджирлеуді есепке алуға қолданылмайды. Шетел валютасындағы операцияларды есепке алу валюталардың нарықты ауыстырмалы бағамын қолданумен жүргізіледі.

Кәсіпорындарда ақша қаражатының түсуі ұлттық валютада жүргізіледі, ол үшін шетел валютасындағы ақша қаражатының сомасы теңгемен айырбасталады, атап айтқанда банктің шетел валютасын сатып алуы және теңгемен есеп айырысу шотына есептеу жүргізіледі.

Шетел валютасындағы операциялар бойынша оң не теріс бағамдық айырмашылық пайда болады. Бухгалтерлік есептің Үлгі шоттар жоспарында оң бағамдық айырмашылықты есепке алу үшін 6250 «Бағамдық айырмадан түсетін кірістер» пассивтік, уақытша шот, ал теріс бағамдық айырмашылықты есепке алу үшін 7430 «Бағамдық айырма бойынша шығыстар» активтік шот арналған.

Бағамдық айырма – валюталардың түрлі ауыстырмалы бағамдарын қолданумен бір валютадағы бірліктердің белгілі санын екінші валютаға ауыстыру барысында пайда болатын айырмашылық.

Кәсіпорын өзінің қаржылық есептілігін ұстанатын валюта – есептілікті ұсыну валютасы деп аталады. Есептілікті құрастыру күніне, 31 желтоқсанда, шетел валютасында көрсетілетін барлық монетарлық (ақшалы) баптар жабу бағамын қолданумен, яғни жылдың аяғына, теңгемен көрсетіледі.

Мысалы, «Экспресс» ЖШС – де валютадағы банк шотында 2020 жылы 01 ақпан күніне 1000\$ АҚШ (нарықтық бағам 1\$ үшін 379 теңге) болды, шот бойынша қозғалыс болған жоқ. 2020 жылы 29 ақпан күніне сальдо 1000\$, бірақ нарықтық бағам өзгерді және 1\$ үшін 381 теңгені құрады. Демек, шот бойынша 200 теңге сомасы көлемінде $[(381-379) \times 1000\$]$ бағамдық оң айырмашылық көрсетілген.

Дебет 1030 «Ағымдағы банктік шоттардағы ақша қаражаттары» 2000

Кредит 6250 «Бағамдық айырмадан түсетін кірістер» 2000

Басқа сөзбен айтқанда, 01.02.2020ж. күніне 1000\$ теңгелік баламасы 379000 теңгені құрайтын, 29.03.2020ж. күніне – 381000 теңгені құрады, 2000 теңге соманы оң бағамдық айырмашылық көрсетілген.

Егер бағам өзгергенде, айырмашылық теріс болатын еді, және 7430 «Бағамдық айырма бойынша шығыстар» шотының дебеті бойынша және 1030 «Ағымдағы банктік шоттардағы ақша қаражаттары» шотының кредиті бойынша көрсету қажет.

Мысалы, «Экспресс» ЖШС – де валютадағы банк шотында 01.03. 2020ж. күніне АҚШ 1000\$ (нарықтық бағам 1\$ үшін 381 теңге). Шотқа 07.03. 2020 сатып алушыдан 700\$ (нарықтық бағам үшін 382 теңге) алынды, ал 29.03.2020жылы жеткізушінің қарызын өтеу үшін шоттан 200\$ шығарылады (нарықтық бағам 1\$ үшін 445,84теңге). 31.03.2020ж. күніне сальдо 1500\$ (нарықтық бағам 1\$ үшін 448 теңге).

Бағамдық айырмашылықты есептейік :

Бастапқы сальдо 1000\$ (1000\$ x 381 теңге) = 381000 теңге

Түскені 700\$ (700\$ x 382 теңге) = 267400 теңге

Шығарылды 200\$ (200\$ x 445.84 теңге) = 89168 теңге

Барлығы айдың аяғына сальдо теңгемен 559232 теңге. Сальдо шетел валютасында = (1000\$+700\$-200\$) = 1500\$. Жабу курсы = 1\$ үшін 448 теңге, демек, теңгеге ауыстыра есептегенде сальдо 672000 теңгені (1500\$ x 448 теңге) құрады.

Осы жағдайда 112768 теңге (672000-559232) теңге сомасында бағамдық теріс айырмашылық пайда болды.

Дебет 7430 «Бағамдық айырма бойынша шығыстар» 112768

Кредит 1030 «Ағымдағы банктік шоттардағы ақша қаражаттары» 112768

Бухгалтерлік есепте бағамдық айырмашылықтар әрқашан олар пайда болған шоттармен бірге байланыста мойындалады. Мысалдарда операция шетел валютасындағы банк шоттарына қатысты болды, сондықтан бағамдық айырмашылық 1030 «Ағымдағы банктік шоттардағы ақша қаражаттары» шотымен бірге байланыста мойындалады. Кәсіпорын шетел валютасын коммерциялық бағаммен сатып алады, ал бухгалтерлік есепті нарықтық бағам бойынша береді, сонда сомалық айырмашылық пайда болады, яғни бір күнге валютаның екі бағамы қолданылады. Сомалық айырмашылықтар басқа кірістер мен басқа шығыстар ретінде, яғни 6290 «Өзге кірістер» шотының кредиті бойынша және 7480 «Өзге шығыстар» шотының дебеті бойынша ескеріледі.

Пайдаланылған әдебиеттер

1) Қазақстан Республикасының Заңы 2018 жылғы 2 шілдедегі № 167-VI ҚРЗ //online.zakon.kz

2) МСФО 21 Валюталық бағам өзгерісінің әсері //online.zakon.kz

3) Толпаков Ж.С. Финансовый учет-1. Учебник .Қарағанда 2013